

«БД070100-Биотехнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Машжан Асқиті Сембайұлының «Перспективті гидролиздік ферменттерді алу үшін Қазақстандық термофильді бактерияларының метагеномдық анализі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШҚІРІ

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысанады бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Сәйкес келеді. 1) Диссертация АР14871683 «Иммобилизацияланған термофильді бактерияларды пайдалана отырып кератинді қосалқы өнімдерді өндiудiн биотехнологиясы» атты мемлекет бюджетiнен қаржыландырылатын жобаның аясында сонымен қатар СРЕА-LT-2017/10061 жобасы бойынша «Норвегиялық халықаралық ынтымақтастық және жоғары бiлiм беру сапасын арттыру агенттiгiнiң (DiKu) Еуразия Бағдарламасы» аясында орындалған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымның дамуына, атап айтқанда микробиология саласына айтарлықтай үлес қосатыны даусыз. Тақырып жоғары деңгейде қамтылған және жұмыс заманауи молекулалық генетикалық, бионинформатикалық сонымен қатар микробиологиялық әдіс тәсілдерді пайдалана отырып толық зерттелген. Жұмыс гидролитикалық белсенділіктері бар термофильдердің жана штамдарын/түрлерін бөліп алуға және одан әрі өнеркәсіптік пайдалану үшін базалық коллекция жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.
3.	Өзі жазу	Өзі жазу деңгейі:	Ұсынылған нәтижелерге, сипатталған зерттеу әдістеріне, сондай-ақ

принципі	<p>1) жотары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>жарияланымдарға сүйене отырып, диссертант көп жұмыс жасағандығын көрсетеді. Сонымен қатар, алынған патенттер мен макалаларда бірінші автор болуы қосымша дәлел болып табылады. Жұмысты талқылау барысында да барлық сұрақтарға нақты, дәлелмен жауап беруі де, диссертанттың жазу денгейі мен білімін айқындайды. Диссертация академиялық стандарттарға сай жотары денгейде жазылған.</p>
4. Ішкі бірілік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген және Қазақстан аумағындағы геотермалды су көздеріндегі гидролитикалық белсенділігі бар микроорганизмдер қауымдастығының таксономиялық аралуандылығын және биотехнологиялық потенциалын анықтауға бағытталған. Автормен жасалған зерттеу экстремалды ортадағы микроорганизмдердің биоалуантүрлілігі мен экологиясы туралы түсінікті кеңейтуге ықпал етеді, ал бұл жашығылымға прогресс үшін және өнеркәсіп пен басқа да ғылым салалары үшін маңызды болып табылады.</p>
4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы аукымды алынғанымен жұмыстың мазмұны тақырыпты толық ашып, нақты ақпарат нәтижелермен айқындайды.</p>
4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының мақсаты: Қазақстан геотермалды су көздеріндегі термофилді гидролитикалық микроорганизмдер қауымдастығының таксономиялық аралуандылығын анықтау болып табылады. Аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер логикалық тұрғыдан дұрыс қойылған: 1. Метагеномика әдістерін қолдана отырып, Жаркент геотермалды су көздеріндегі микробтық қауымдастықтарының таксономиялық аралуандылығын зерттеу; 2. Зерттелетін микробтық қауымдастықтардан термофилді бактериялардың жаңа штамдарын/түрлерін бөліп алу және идентификациялау; 3. Бөлініп алынған термофилді бактерия штамдарының</p>

		<p>гидролитикалық белсенділіктерін анықтау; 4. Термофильді бактерияларды дақылдау үшін қоректік ортаны онтайландыру; 5. Перспективті штамдарының геномдарын толық секвенирлеу және сипаттау.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы бір-бірімен логикалық толық байланысқан. Бірінші бөлімде термофильді бактериялардың гидролитикалық қасиеттеріне етжей-тегжейлі талдау жасалған, оның ішінде липазалық, протеазалық, амилазалық, целлюлазалық және кератиназалық белсенділігі бар термофильді бактерия қасиеттеріне ерекше назар аударылған. Сонымен қатар, қоршаған ортадағы микроорганизмдердің ауантүрлілігіне метаеномдық талдау жүргізу арқылы осы бағыттағы түсінікті кеңейтуге мүмкіндік жасалынған. Екінші бөлімде әдістемелік база толығымен сипатталған және тандаланған әдістер, мақсат пен міндеттерді шешу үшін негізделген. Зерттеу нәтижелері мен алынған тұжырымдар ғылыми эксперименттермен негізделіп, дәлелденіп және нақтыланған.</p>
<p>5.</p>	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидастар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) оның талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Бастапқы деректер биоинформатикалық бағдарламалармен өңделіп, ғылыми мақалаларда көрініс тапқан. Сол себепті қорытынды мен тұжырымдар, ұсынылған тәсілдер дәйекті мәліметтер негізінде жасалған.</p>
<p>Ғылыми жандашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидастар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидалар толығымен жаңа болып табылады және ғылыми мақалалармен расталған. Атап айтқанда Жаркент геотермалдық су көздерінен алынған микробтық қауымдастық үлгілерінен бірінші рет 7 туыстаққа жататын: <i>Anoxybacillus</i>, <i>Geobacillus</i>, <i>Roxyeladomys</i>, <i>Thermus</i>, <i>Salidicellulosivor</i>, <i>Salidamaerobacter</i> және <i>Thermamaerobacter</i> термофильді бактерияларының таза дақылдары бөлініп 16s рРНҚ гендері бойынша секвенирленді. <i>Roxyeladomys</i> spp. және <i>Salidamaerobacter</i> sp. тұқымдастарына жататын үш термофильді</p>

	<p>Бактерия штамдарының геномдары секвенирленді. Сонымен қатар, алынған тізбектер халқаралық GenBank деректер қорында депонирленіп тіркеу нөмірлері алынды. Жұмыста бірінші рет Жаркенттің геотермалды су көздерінен жана, жотары целлюлозалық белсенділігі бар термофильді бактерия түрі бөлініп алынды, оған <i>Robustadomus zharkentensis</i> ZKZ2^T деген атау беріліп халқаралық микроорганизмдер жинағында тіркелді (=КСТС 43421, =СЕСТ 30708). Жаңа кератиназалық белсенділігі бар термофильді бактерияның түр іші <i>Saldanagobacter sibirgatae</i> subsp. <i>keratoliticus</i> КАк бөлініп, белсенділігі сипатталып зерттеу нәтижелерінде көрсетілді.</p>
<p>5.2 Диссертацияның қортындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жана; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылды); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылды)</p>	<p>Диссертацияның қортындылары толығымен жаңа болып табылады және ұсынылған нәтижелерге сәйкес келеді. Атап кетсек Жаркент геотермалды су көздеріндегі микробтық қауымдастықтарының таксономиялық арауандылығы алғаш рет жаңа буынды секвенирлеу әдісі көмегімен зерттеіп, нәтижесінде <i>Firmicutes</i>, <i>Deimosococcus-Thermus</i> және <i>Proteobacteria</i> бактерия типінің өкілдері осы қауымдастықтың негізін құрайтыны анықталды. Сонымен қатар алынған таза дақылдар филогенетикалық тұрғыдан <i>Saldanagobacter</i>, <i>Geobacillus</i>, <i>Robustadomus</i>, <i>Anoxybacillus</i>, <i>Salkicellulosivorus</i> тұқымдастарына жатқызылды. Алғаш рет <i>Robustadomus</i> sp. ZKZ2^T штамы Қазақстанның геотермалдық су көздерінен бөлініп алынды және жаңа термофильді бактерия түрі ретінде сипатталды. Бұдан басқа кератиназалық белсенділігі бар жаңа <i>Saldanagobacter sibirgatae</i> КАк штамы анықталды. Зерттеуге алынған термофильді штамдардың ішінен 16 штамның ыстыққа төзімді ферменттер: липазаның, протеазаның, амилазаның, целлюлазаның, кератиназаның белсенді продуценттері екендігі анықталды. Солардың ішінде <i>Geobacillus</i> 3WAK1, <i>Geobacillus</i> 3SAK1, <i>Geobacillus</i> 3SAK2, <i>Geobacillus</i> 3SAK4, <i>Geobacillus</i> 3SAK5, <i>Geobacillus</i> 3SAK6 және <i>Robustadomus</i> ZKZ2^T штамдары гидролазаның төрт түрін түзуге қабілеттілік көрсетті. <i>S. sibirgatae</i> subsp. <i>keratoliticus</i> КАк штамын дақылдауға арналған коректік орта құрамы онтайландырылып нәтижесінде пайдалы модельге патент (N 5803) алынған. <i>P. zharkentensis</i> ZKZ2^T</p>

	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жана;</p> <p>2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);</p> <p>3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>	<p>және <i>C. subletticus</i> subsp. <i>keratinoleticus</i> КАК штамдарының геномдары секвенирленіп, <i>de novo</i> жинақталды. Жинақталған геномдар сипатталып халқаралық GenBank деректер қорында депонирленді.</p> <p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жана және негізделген. Оған дәлел болып жұмыс барысында алынған патент және <i>Polyscladomus zharkentensis</i> ЖКЗ²¹ штамының халқаралық екі микроорганизмдер коллекциясына қосылуы растайды.</p>
<p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген, және олардың сенімділігі статистикалық деректермен расталып талданған.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі кандидаттар</p>	<p>Әр кандидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Кандидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кен</p>	<p>Диссертация жұмысын қорғауға шығарылған 5 кандидаттар ғылыми түрде дәлелденген.</p> <p>Қорғауға ұсынылған барлық кандидаттар тривиалды емес.</p> <p>Қорғауға ұсынылған барлық кандидаттар жана болып табылады.</p> <p>Колдану деңгейі кен болып табылады. Диссертацияның негізінде барлығы 11 ғылыми мақала, оның ішінде 3 мақала ҚР ҒЖЫМ Ғылым және жотары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған отандық ғылыми журналдарда; 2 мақала <i>Web of Science</i> және <i>Scopus</i> деректер қорына енетін жотары деңгейдегі ғылыми журналдарда; 4 тезис Халқаралық конференцияларда; <i>Springer-де</i> ұжымдық монографияда 1 бөлімі жарияланды. Сонымен қатар, 1 пайдалы модельге Қазақстандық патент алынды.</p>

	7.5 Макалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жок	
8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жок 8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дәйрау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок 8.4 Мамызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Жұмыста молекулалық генетиканың заманауи әдістері көп қолданылған. Солардың ішінде геномика, метагеномика әдістері кеңінен қолданылып, барлық кезеңі толық сипаттала отырып, негізделген. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері микробиология, молекулалық генетика саласындағы әдістерден басқа биоинформатикалық бағдарламалар және халықаралық базалармен жұмыс жасалған. Ол өз кезегінде алынған нәтижелерді интерпретациялауда тиімді қолданыс тапқан. Зерттеуден алынған мәліметерді биоинформатикалық өңдеу келесі негізгі бағдарламалар көмегімен жүзеге асырылған: CLC Genomic Workbench v. 20.0.01; MetaBAT2 v. 1.7; CheckM v. 1.0.18; RAST v. 1.0.73; Prokka v. 1.14.5; GTDB-Tk v.1.7.0; DRAM v. 0.1.2; dbCAN2 v. 10; SGDSC v. 3.0; TUGS; ANI; BRIG; Mauve; KBase. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен есептеіліп дәлелденген және расталған. Барлық зерттеулер кем дегенде 3 қайталаныммен жасалған. Әр зерттеу мен теориялық қорытындыны әлемдік зерттеумен байланыстыра отырып дәлелденген. Алынған бір нәтиженің өзі бірнеше әдіспен расталған. Мамызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Жұмыста әдебиеттердің көбі салмақты Скопус базасына кіретін журналдар мен кітаптар болып табылады. Әдебиеттер тізімі сапасы жағынан да, саны жағынан да әдеби шолуға жеткілікті болып табылады.

9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы өте жоғары. Алынған нәтижелерді оқу процесінде биотехнология, микробиология мамандарын даярлаудың барлық деңгейлерінде және жоғарғы оқу орнынан кейінгі деңгейдегі қосымша кәсіби білім беру циклдерінде пайдалануға болады.
	9.3 Практикалық ұшыныстар жана болып табылады? 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	Практикалық ұшыныстар толығымен жана болып табылады. Алынған жұмыс нәтижелері экстремалды орталарды экологиясы және сол жерде мекен ететін микроорганизмдер туралы білімді толықтырады. Жұмыс барысында ферментативті белсенділіктері жоғары термофилді бактерияның штамдары анықталды. Осы бактериялармен бөлінегін термозимдер өнеркәсіпте қолдануға болады, атап айтқанда қалдықтарды қайта өңдеу, жұтып заттарын және целлюлоза-каваз өнеркәсібі.			
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.		Академиялық жазу сапасы өте жоғары. Автор диссертациялық жұмысты жүйелі, түсінікті, ғылыми тілмен жазған. Диссертацияны жазу стилі академиялық стандарттарға сәйкес келеді.	

Шешім: Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің алдында Машжан Ақжігіт Сембайұлының «6D070100-Биотехнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.

Ресми рецензент:
 PhD, аға ғылыми қызметкер
 Микробиом зертханасы,
 Өмір туралы ғылымдар орталығы
 "National Laboratory Astana" ЖШ
 Назарбаев университеті



Handwritten signature in blue ink.

Д. Е. Чуленбаева